



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ

ҰЛТТЫҚ БАНКІ

№ 25 БАСПАСөЗ РЕЛИЗІ

2004 жылғы 2 қараша

Халықаралық резервтер және  
ақша базасы туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің халықаралық резервтері (Ұлттық Қордың ақшасын ескермей) және ақша базасы 2004 жылғы қазанда мынадай болды:

	Ағымдағы бағамен	Тұрақты бағамен*
<b>Таза халықаралық резервтер, млн.долл.</b>	<b>7 065,7</b>	<b>7 049,4</b>
Оның ішінде		
ЕАВ таза активтер**	6 291,3	6 291,3
Алтын	774,4	758,1
<b>Ақша базасы, млрд. тенге</b>	<b>445,0</b>	<b>445,0</b>
KZT/USD (кезең аяғында)	<b>132, 05</b>	<b>144,22</b>
Алтынның бағасы (1 трой унциясы үшін USD-мен)	<b>426,20</b>	<b>417,25</b>

\* 2003 жылдың аяғындағы тенгенің АҚШ долларына бағамы және алтынның бағасы көрсетілген

\*\* ЕАВ-мен таза активтер – бұл ЕАВ-ғы жалпы активтер мен міндеттемелер арасындағы айырмашылық

2004 жылғы қазанда Ұлттық Банктің халықаралық резервтері қебейді.

Ұлттық Банктің таза халықаралық резервтерінің ағымдағы бағасы 3,5%-ға (немесе 241,8 млн. долл.) өсті. Қаржы министрлігінің сыртқы борышына қызмет көрсету, Ұлттық қордың активтерін толықтыру ішкі валюта рыногында валюта сатып алу және Ұлттық Банктегі Үкіметтің шоттарына шетел валютасының түсіүмен ішінара бейтараптандырылды, нәтижесінде таза валюта қорлары (ЕАВ) 213,3 млн. долларға қебейді. Алтынмен активтер Ұлттық Банк жүргізген операциялар және оның әлемдік рыноктардағы бағасының 3,4%-ға ұлғаюы нәтижесінде 28,5 млн. долларға қебейді.

Тұрақты бағамен Ұлттық Банктің таза халықаралық резервтері 3,2%-ға, ЕАВ-мен таза активтер – 3,5%-ға, алтынмен активтер – 0,4%-ға қебейді.

Елдің халықаралық резервтері жалпы алғанда (ағымдағы бағамен) яғни, Ұлттық Қордың ақшасын (алдын-ала деректер бойынша – 4 209,3 млн. долл.) қоса алғанда 11 279,1 млн. долл. болды. Откен айға өсімі 5,3 % болды.

2004 жылғы қазанда Ұлттық Банктің таза халықаралық резервтерінің қобеюі ақша базасының 10,5%-ға (немесе 42,1 млрд. тенгеге) көнеюіне себепші болды.